

2009 жылы Теректі ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру және ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 12 ақпандағы N 75 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 5 наурызда N 7-12-74 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 қаңтардағы N 25 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2010.01.26 N 25 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13 тармақшасын басшылыққа ала отырып, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5 тармақшасы мен 20 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылдың 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" N 836 қаулысын орындау, сонымен қатар аудандық мекемелер мен ұйымдардан түскен сұраныстар мен ұсыныстарға байланысты қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және еңбек нарығындағы жағдайды жақсарту мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан бойынша аудандық бюджет есебі арқылы қаржыландырылатын қоғамдық жұмыстар жүргізілетін мекемелер мен ұйымдардың тізімі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстардың түрлері мен еңбек ақы көлемі 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. "Теректі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін мекемелер мен ұйымдардың жетекшілері осы қаулының орындалуы ұсынылсын.

4. Аудан әкімдігінің "2008 жылы Теректі ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру және ұйымдастыру туралы" 2008 жылғы 20 наурыздағы N 100 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-12-55 тіркелген және 2008 жылдың 25 сәуірдегі "Теректі жаңалығы-Теректинская новь" газетінің N 19 жарияланған) және аудан әкімдігінің 2008 жылғы 15 тамыздағы N 220 "Теректі ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 20 наурыздағы "2008 жылы Теректі ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру және ұйымдастыру туралы" N 100 қаулысына

толықтырулар енгізу туралы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-12-65 тіркелген және 2008 жылдың 26 тамыздағы "Теректі жаңалығы-Теректинская новь" газетінің N 49 жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Кадыров Әділбек Жаныбекұлына жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Горобцов

Аудан әкімдігінің
2009 жылғы 12 ақпандағы
N 75 қаулысымен бекітілген
N 1-қосымша

Аудан бойынша аудандық бюджет есебі арқылы қаржыландырылатын қоғамдық жұмыстар жүргізілетін мекемелер мен ұйымдардың тізімі

1. Теректі ауданының Әділет басқармасы - 1 адам;
2. Теректі ауданының ішкі істер бөлімі - 1 адам;
3. Теректі аудандық соты - 2 адам;
4. Теректі ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі - 2 адам;
5. Теректі ауданының аумақтық инспекциясы - 1 адам;
6. Теректі ауданының "Луч" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны - 1 адам;
7. "Батыс Қазақстан облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының Теректі аудандық филиалының басқармасы - 1 адам;
8. Теректі ауданын мұрағат бөлімі - 1 адам;
9. Селолық округтер әкімі аппараттары - 274 адам;
 - 9.1. Ақжайық селолық округі - 52 адам;
 - 9.2. Ақсуат селолық округі - 10 адам;
 - 9.3. Ақсоғым селолық округі - 18 адам;
 - 9.4. Аңқаты селолық округі - 22 адам;
 - 9.5. Богдановка селолық округі - 5 адам;
 - 9.6. Долинное селолық округі - 15 адам;
 - 9.7. Көнеккеткен селолық округі - 7 адам;
 - 9.8. Новопавловка селолық округі - 2 адам;
 - 9.9. Подстепное селолық округі - 20 адам;
 - 9.10. Покатиловка селолық округі - 6 адам;

- 9.11. Приречное селолық округі - 6 адам;
- 9.12. Придорожное селолық округі - 5 адам;
- 9.13. Төңкеріс селолық округі - 8 адам;
- 9.14. Ұзынкөл селолық округі - 16 адам;
- 9.15. Федоровка селолық округі - 57 адам;
- 9.16. Шағатай селолық округі - 5 адам;
- 9.17. Шалқар селолық округі - 10 адам;
- 9.18. Шаған селолық округі - 10 адам;
- 10. Теректі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі - 2 адам;
- 11. Теректі ауданы бойынша Салық комитеті - 1 адам;
- 12. Теректі ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі – 1 адам;
- 13. Теректі ауданының жер қатынастары бөлімі - 1 адам;
- 14. Теректі ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі - 1 адам;
- 15. "Батыс Қазақстан облыстық судан құтқару қызметі" - 2 адам;

Аудан әкімдігінің
2009 жылғы 12 ақпандағы
N 75 қаулысымен бекітілген
N 2-қосымша

Ескерту. 2 қосымшаға өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2009.08.10 N 352 Қаулысымен.

Қоғамдық жұмыстардың түрлері мен еңбек ақы көлемі

N Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Еңбек ақы (айына) теңге	Қаржыландыру көзі
1 Аумақты көгалдандыру, көркейту және тазалау, саябақтар шаруашылығын сақтау және дамыту жұмыстарына көмектесу. Республикалық және облыстық компаниялар өткізуге (қоғамдық пікірлерді сұрау, санақ жүргізу), жергілікті тұрғындардан салықтар жинау кезінде забарлама тасуға, жарыстар мен фестивальдар өткізуге, ағымды жөндеуге, тарихи-сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру, лагерь аумағын жинастыруға, малдар мен өсімдіктерді зиянкестер мен ауруларға қарсы аталған мерзім ішінде жаппай тексеруден өткізуге, уақытша және маусымдық жұмыс мезгілінде және қызметтің өзге түрлеріне көмек көрсету.	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тиісті жылға белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Жергілікті бюджет
	Қазақстан Республикасының қолданыстағы	

2	Құрылыс, жолдарды жөндеу және қалпына келтіру, әлеуметтік-мәдени мақсаттағы нысандарды күрделі жөндеу, қарттар мен I,II топтағы мүгедектердің тұрғын үйлерін жөндеуден өткізу жұмыстарына көмек қолын ұсыну.	заңнама-сымен тиісті жылға белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Жергілікті бюджет
---	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------	-------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК